Приложение 3.2.
к Правилам проведения
общественных слушаний

# Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 21022243001, Дата: 22/11/2021

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №21022243001, от 22/11/2021 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Строительство подводящего газопровода высокого давления и внутрипоселковые газораспределительные сети населенного пункта Томенарык Жанакорганского района Кызылординской области, в предлагаемую Вами 11/01/2022 15:00, Кызылординская область, Жанакорганский район, Томенарыкский с.о., с.Томенарык(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

*(к причинам несогласования относятся: несоответствие места предлагаемых общественных слушаний и перечня административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности, и на территории которых будут проведены общественные слушания; неудобные для населения дата, время и место проведения общественных слушаний).*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«В соответствии с требованиями Экологического кодекса Республики Казахстан и Правил проведения общественных слушаний будет обеспечено в том числе: председательствование общественных слушаний, регистрация участников общественных слушаний, видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний для приобщения (публикации) к протоколу общественных слушаний.»

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА, ПАССАЖИРСКОГО ТРАНСПОРТА И АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ ЖАНАКОРГАНСКОГО РАЙОНА» (БИН: 050240009435), 8-72435-22-074, Нет данных,

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

Қызылорда облысы

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Сыр — анам, Қаратау — панам!

# Жаңақорған тынысы

1933 жылдың қыркүйегінен шығады / аудандық қоғамдық-саяси газет

№94 (8495) 27 қараша, сенбі 2021 жыл

# Елбасы Н.Назарбаевтың «ЕЛДІКТІҢ ЖЕТІ ТҰҒЫРЫ» атты қағидаттар жиынтығы

**(Nur Otan партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысындағы сөзінен, 23.11.2021 жыл)**

**Құрметті отандастар!**

Біз Тәуелсіздіктің отыз жылдығын айтулы жетістіктермен қарсы алып отырмыз.

Қуатты елге айналып, бірлігі бекем қоғам құрдық.

Сындарлы саясат жүргізіп, әлеуеті зор нарықтық экономикалық жүйе қалыптастырдық.

Ең бастысы, бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап өткен Тәуелсіздікке қол жеткізіп, елдігіміз қайта жаңғырды.

Әлем картасында Қазақстан деген егемен елдің ойып тұрып орын алуы үшін аянбай еңбек еттік.

Ендігі кезекте осы жетістігімізді еселеп арттыру ел ынтымағы мен тұтастығына байланысты.

Отыз жылда 9,5 миллионнан астам сәби дүниеге келді.

Олардың алдыңғы шебі орда бұзар отызға толып отыр.

**Бұл – көзі ашық, көкірегі ояу, санасы азат, ойы озық жаңа буын.**

Мемлекеттілікті сақтап, Қазақстанды **«Мәңгілік Ел» ету осы ұрпаққа жүктелетін тарихи миссия деп санаймын.**

Осы орайда, жаңа дәуірдегі қазақстандықтарға бағдар болатын **«Елдіктің жеті тұғыры»** атты қағидаттар жиынтығын ұсынамын.

Бұл – отыз жылдық белесті елмен бірге өткерген **Елбасы ретіндегі менің жас ұрпаққа жолдар үндеуім** деп қабылдаңыздар.

**Бірінші. Тәуелсіздік – кез келген азамат үшін ең қастерлі құндылық.**

Тамыры терең тарихымызға құрметпен қарап, **мемлекеттілігімізді қадірлеу, оны көздің қарашығындай қорғау – әрбір қазақстандықтың міндеті.**

Жер жүзінде өз алдына дербестігі жоқ қанша ұлт пен ұлыстың барын ескерсек, еселі еңбекке арналған отыз жыл ұлт тарихында алтын әріппен жазылары анық.

Әлемде көлемі жағынан 9-шы орын алатын байтақ атырапты еншілеу Жаратқанның халқымызға берген баға жетпес несібесі деп білеміз.

**Қазақтың барша арман-мақсатының орындалуы тек Тәуелсіз мемлекет, дербес ұлт жағдайында ғана мүмкін екенін ұмытпауымыз керек.**

**Тәуелсіздікті нығайту – экономиканы нығайту.**

Бұл барша халықтың еңбегімен келеді.

Сондықтан жас ұрпақ ел игілігі үшін әрдайым еңбек етуге дайын болуы қажет.

**Екінші. Бірлік пен келісім – елдігіміздің мызғымас тұғыры.**

Этникалық әралуандық – біртұтас ұлт ретінде қалыптасқан халқымыздың артықшылығы.

Бүгінде бірлік пен этносаралық татулықты сақтау жолында отыз жыл бойы жүргізген сындарлы саясаттың жемісін көріп отырмыз.

Бір шаңырақтың астында тату-тәтті ғұмыр кешіп, татулық пен сыйластықты қамтамасыз етуде Қазақстан халқы Ассамблеясының әлеуеті зор.

**Конституцияны қастерлеу, мемлекеттік тілді білу, ұлттық құндылықтарды қадірлеу – әр азаматтың парызы.**

Бірлігімізді арттырып, ынтымағымызды күшейтсек қана елдігіміз нығайып, егемендігіміз баянды болады.

**Үшінші. Жер – ата-баба мұрасы, халық қазынасы.**

Жерден қасиетті ешнәрсе жоқ.

Қазақ үшін ел мен жер – тұтас ұғым.

Тарихымыздағы соғыс атаулының бәрі ел мен жерді қорғау үшін болған.

Біз Тәуелсіздікті жариялай салысымен шекарамызды құжат жүзінде бекітіп алуға күш жұмсадық.

Адамзат тарихында, тіпті қазіргі кезеңде де даулы территорияның соғысқа, қантөгіске алып келгенін көріп отырмыз (Таулы Қарабақ, Қырым, Грузия және т.б.).

Мен өскелең ұрпақты осындай қауіптен сақтап қалу үшін барымды салдым.

Енді ата-баба аманатына адал болып, ұлан-ғайыр жерімізді қорғау, оны болашақ ұрпаққа мирас ету – біздің ортақ борышымыз.

**Төртінші. Отбасы мен салт-дәстүр – қоғамның алтын діңгегі.**

Отанға деген сүйіспеншілік – өз отбасыңа, ауыл-аймағыңа, еліңе деген махаббат пен жанашырлықтан басталады.

**Отбасы – ұрпақ тәрбиесінің ұстаханасы, қоғамдық қатынастардың бастауы саналатын бірегей институт.**

Жаһандану үдерісі тұрмысымыз бен салт-санамызға өзгеріс әкелгенмен, ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтардан бас тартуға болмайды.

Қай кезеңде де біз **үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсетуді дәріптейтін ата дәстүрімізді берік ұстануымыз қажет.**

Отбасы институты әлсіреп, салт-дәстүріміз ұмытылса, ел болып қалуымыз екіталай.

Сол үшін дәстүрдің озығын алып, тозығын тастап, елдік болмыстың өзегін сақтай білуіміз керек.

Сонда ғана саналы ұрпақ тәрбиелейміз.

**Бесінші. Ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі.**

Біз – тамыры тереңнен бастау алатын ұлы көшпенділердің ұрпағымыз.

Болмысы ерекше, рухани-мәдени мұраларға бай халықпыз.

Қазіргі таңда жаһандық бәсекеге қабілетті болу үшін бірегей ұлттық мінез, асқақ рух керек.

Мұндай қасиеттер тарихты білу, мәдени құндылықтарды тану арқылы келеді.

**Өркениетті отыз елдің қатарына қосылуда материалдық құндылықтармен қатар, рухани байлықтың маңызы зор.**

Сол үшін мәдениетімізді зерделеп, өзге жұртқа насихаттай білген абзал.

Басқа халықтарды тек өнер құдіретімен, ғылыми ізденіспен ғана мойындата аламыз.

**Алтыншы. Білім мен еңбек – бақуатты өмірдің кілті.**

«Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деп дана Абай айтқандай, біз тек өз біліміміз бен күшімізге сенуіміз керек.

Елімізде талантты әрі дарынды, алғыр да өжет жастар жетерлік.

Әлемнің алпауыт компанияларында жұмыс істейтін, халықаралық деңгейде ғылыми жаңалық ашқан, түрлі салада еңбегімен танылып жүрген жалынды жастарды көргенде ерекше қуанамын.

**Бұл – біздің үмітіміздің ақталғаны.**

Мен жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру туралы идеямда оның бес принципін – **эволюциялық даму, ортақ жауапкершілік, өзара серіктестік, ынталандыру мен кәсібилікке ұмтылуды атап көрсеттім.**

Онсыз кез келген қоғам көштің соңында қалуы мүмкін.

Ендеше, **табыстың кілті үздіксіз білім алу мен тынымсыз еңбек етуде.**

Адал еңбек қана адамды мұратына жеткізеді.

Осыны жастардың санасына сіңіру қажет.

**Жетінші. Прагматизм – бәсекеге қабілетті болудың кепілі.**

Біз қолда бар ресурс пен мүмкіндікті пайдалануға, нәтижелі жұмыс атқаруға және көздеген мақсатқа тиімді қол жеткізуге тырысуымыз керек.

Қазір елімізде жастардың өзін-өзі дамытуына, білімін жетілдіріп, сүйікті ісімен айналысуына мүмкіндік мол.

Сондықтан прагматизм принциптері бойынша барынша **қанағатшыл, үнемшіл, ұстамды болып, уақытты орынды пайдалануға талпынған жөн.**

Осылайша біз Тәуелсіздігімізді баянды етіп, ел тұтастығын сақтап, отбасылық құндылықтарды жаңғыртып, ұлт мәдениетін насихаттап, терең білім мен адал еңбекке ден қойған жасампаз ел боламыз.

**Елдіктің жеті тұғыры дегеніміз – осы!**

**Ардақты ағайын!**

Алдағы 30 жыл – елдігімізді нығайтудың жаңа кезеңі болары хақ.

Ол әр азамат ұлтымыздың болашағы үшін жауапкершілікті өз мойнына алып, оны толық сезіне білген кезде жүзеге асады.

Елдің ең ірі саяси партиясы ретінде Nur Otan осы бағытта атқарылар істердің алдыңғы шебінде болуы керек.

**Осындай игі жұмыстың басықасында жүру – билеуші партияның ұзақмерзімді көшбасшылығының кепілі.**

Ендігі кезекте осы мерейлі күнге жеткізген, ырысымызды арттырған Жаратқанға шүкіршілік етіп, ертеңге сенімді қадам басу қажет.

Рухымызды қайрап, еңсемізді тіктеп, бұдан да биік асуларға жету үшін және Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағы жолында тынбай жұмыс істеуге тиіспіз!

Біз кез келген сынақтан сүрінбей өтіп, жеңіске бірге жетеміз!

**Тәуелсіздігіміздің отыз жылдық белесі құтты болсын!**

Біз біргеміз!



# Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ: Партияны ел Президентінің басқаруы маңызды

**Елордада Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Nur Otan партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті.**

**Кеңес барысында мемлекеттік бағдардың сабақтастығы мен тұрақтылығына негіз болатын партияның ұзақ мерзімді көшбасшылығын қамтамасыз ету маңызды екеніне назар аударылды. Сондай-ақ партияны ел Президенті басқарып, оның саясаты мен стратегиясын өзі айқындап отыруы қажет екені атап көрсетілді.**

Еліміздегі жетекші саяси партия – Nur Otan-ның ауқымды мәселелер қаралған Саяси кеңесінің отырысы бейнеконференция байланысы режимінде ұйымдастырылды. Алқалы жиынға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, Премьер Министр мен Үкімет мүшелері, Nur Otan партиясының Саяси кеңесі мен Бюро мүшелері, Парламент Мәжілісіндегі және мәслихаттардағы партия фракциясының депутаттары, өңір басшылары, Jas Otan жастар қанатының көшбасшылары қатысты.

Жиынды ашқан Елбасы Тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан көппартиялық жүйе елдігіміздің тірегіне айналғанын, осы орайда Nur Otan партиясының саяси салмағы басым екенін айта келіп, отыз жыл ішіндегі еліміздің даму жетістіктеріне тоқталды. Мұның барлығы бірлесе атқарылған жұмыстың, маңызды мемлекеттік шешімдер мен батыл реформалардың жемісі екенін атап өтті.

«Біз еліміздің партиялық-саяси жүйесін біртіндеп әрі жан-жақты саралай отырып дамыттық. Барлық бастамаларымыз сияқты бұл мәселеге де ішкі дайындықпен келдік. Жүйесіз реформалар халықтың демократияға деген сенімін жоғалтып, түрлі шиеленістер тудырған және территориядан айырған жағдайлар тарихта аз емес. Тәуелсіздікті сақтау және мемлекеттілікті нығайту – біздің болашақ ұрпақ алдындағы парызымыз. Сондықтан Nur Otan партиясы тұрақтылық пен татулыққа, әлеуметтік-экономикалық прагматизмге, орнықты дамуға негізделген және тұтас қоғамның мүддесіне сай келетін саясат жүргізуде», деді.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев биыл тарихымызда алғаш рет заң шығарушы және өкілдік органдарға сайлау пропорционалды жүйе бойынша өткенін айта келіп, «Сондай-ақ ауыл әкімдерін тікелей сайлау тәжірибесі енгізілді. Бұл қадамдардың бәрі елдегі партиялар арасында бәсекені күшейтіп, олардың жауапкершілігі мен есептілігін арттыра түсті», деді.

Елбасы Премьер-Министр мен Парламент Мәжілісі Төрағасының баяндамаларынан соң биліктің атқарушы және заң шығарушы тармағы партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруда үйлесімді жұмыс істегенін ерекше атап өтті.

Нұрсұлтан Назарбаев мемлекетіміздің алдында тұрған сын-қатерлерге, сондай-ақ партияның келешек стратегиялық мақсаттарына, міндеттеріне жан-жақты тоқталды.

«Қазақстан Тәуелсіздіктің төртінші онжылдығына қадам басуда. Бұл ауқымды өзгерістерге, қиын да жауапты шешімдерге толы кезең болары анық. Қазірдің өзінде пандемияны тоқтату қиынға соғуда. Бүгінде ауқымды өзгерістер болып жатыр. Оған ақпараттық технологиялар мен жасыл энергетиканың қарқынды енгізілуі де әсер етуде», деді Елбасы. Қазақстанның Тұңғыш Президенті адамзат алдында тұрған бірқатар сын-қатерді атап өтті. Соның ішінде жаңа пандемияларға қарсы күреске, экологиялық проблемалар мен жаһандық жылынудың теріс әсерінің күшеюіне, әлемдік экономиканың өзгеруіне орай елдердің бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне, геосаяси шиеленістің өршуіне, сондай-ақ қоғамдық пікір мен құндылықтардың күрт өзгеруінен саяси алауыздық белең алатынына назар аударды.

**(Жалғасы 2-бетте)**



# ТЫҢ ЖОБАЛАР – тұрақты дамудың жолы

**Брифингте басшылар байыпты бастамаларын баяндаса, журналистер істің сапасын саралап, әлеуметке шынайы ақпарат таратады. Сондықтан брифингте есеп беретін әкімдер де, тыңдап, тың ақпараттар дайындайтын тілшілер де тыңғылықты дайындықпен келеді. Аудан әкімі Руслан Рүстемовтің өңірлік коммуникациялар қызметінде берген брифингінде сондай жағдайға куә болдық.**

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

**(Жалғасы 2-бетте)**

## Пікір мен пайым

# Ұтымды шешім

**Көп векторлы саясатты ұстанып, мәмлегер ұстанымымен жүріп келе жатқан біздің елде эволюциялық өзгерістер орын алуда. Бүгінгі қым-қиғашы көп заманда осындай ойланып жасалған, салмақты қадамдар мемлекеттік мұратты биікке шыңдай түседі. Мұны неге айтып отырмын? Сарабдал саясаткер, ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев халық мүддесін жоғары қоятындығына кезекті рет мойындатып, бас партияны басқаруды Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа тапсыру туралы шешім қабылдады.**

Елдің әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени тұрғыда орнықты дамып, әлемдік өркениет көшінде өзінің орнын айқындауда тұлғалардың тарихи шешімі маңызды рөл атқарады. Бұған тарихтың өзі куә. Сондай шешімді партияның Саяси кеңесінде айтылды.

Енді Мемлекет басшысы партиядан жасақталған Үкіметтің әрбір мүшесіне жоғары талап қойып, сапалы атқарылуын бақылап, мемлекеттік басқару жүйесінде оңтайландырады.

Ендігі уақытта Елбасының «Елдіктің жеті тұғыры» қағидасын басшылыққа алып, Тәуелсіздік тұғырлы етуде бар күш-жігерімізді салатын боламыз. Олар: Тәуелсіздікті басты құндылық ету, бірлік пен келісімді тұғыр ету, туған жердің әрбір бөлшегін ата-баба мұрасы, халық қазынасы ретінде қарау, отбасы құндылықтарын дәріптеп, салт-дәстүрді жаңғырту, ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі екенін басшылыққа алып, білім мен еңбекті қуатты қару ету маңызды.

Міне, Тұңғыш Президент осындай елдіктің жеті тұғырын бәсекеге қабілетті болу жолында қалқан етуді аманаттап отыр. Біз осы бағытты ұстануда ерік-жігеріміз бен білік-білімімізді көрсетуіміз тиіс тіміз.

**Мақсат ҚҰЛМЫРЗАЕВ,**
**Жастар ресурстық орталығының маманы**

«ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ФИЛИАЛ
АО «РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯ «КАЗАХСТАН»
KYZYLORDA REGIONAL BRANCH
«KAZAKHSTAN» REPUBLIC TV AND RADIO CORPORATION» JSC

QYZYLORDA

№ 894
30.11.2021

"КАТЭК" ЖШС

## ЭФИРЛІК АНЫҚТАМА

**«QYZYLORDA» телеарнасы 2021 жылдың 24 карашасындағы №621 келісім-шарт негізінде 30 қарашада «Телемаркет» айдары арқылы төмендегідей мәтінде хабарландырудың эфирге шыққанын растайды**

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

2022 ЖЫЛДЫҢ 11 ҚАҢТАРЫ САҒАТ 15-ДЕ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ, ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ, ТӨМЕНАРЫҚ АУЫЛЫ, Р. ҚҰЛЫМБЕТОВ К-СІ, 11 МЕКЕН-ЖАЙЫНДА, «ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІ» КММ «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ, ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНДАҒЫ ТӨМЕНАРЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНІНЕ ДЕЙІН ЖОҒАРЫ ҚЫСЫМДЫ ГАЗ ЖЕТКІЗУ ҚҰБЫРЛАРЫН САЛУ ЖӘНЕ АУЫЛІШІЛІК ГАЗ ТАРАТУ ҚҰБЫРЛАРЫН САЛУ» ЖОБАСЫНА «ӘЛЕУЕТТІ ӘСЕРЛЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП» ЖОБАСЫ БОЙЫНША АШЫҚ ЖИНАЛЫС ТҮРІНДЕ ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ӨТКІЗЕТІНДІГІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ.

ЖОСПАРЛАНҒАН ІС-ШАРАЛАРДЫҢ БАСТАМАШЫСЫ: «ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІ» КММ, ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ, ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ, ЖАҢАҚОРҒАН КЕНТІ, МАНАП КӨКЕНОВ К-СІ, 44-ҮЙ, ТЕЛ. 8-724-35-22-0-74, E-MAIL: ZHANA-ZHOL@MAIL.RU.

ҚҰЖАТТАМАНЫ ӘЗІРЛЕУШІ: «КАТЭК» ЖШС. 050010, АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ, СНАЙПЕРСКИЙ ЖОЛАҒЫ, 4-ҮЙ. ТЕЛ. 8-727-293-82-64. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТАСЫ: KATEK@KATEK.KZ. ҚР ҚОСРМ ЭРБК 05.06.2014 Ж. БЕРГЕН №01668Р ЛИЦЕНЗИЯ

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ МАТЕРИАЛДАРЫМЕН ECOPORTAL.KZ БІРЫҢҒАЙ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПОРТАЛЫНАН НЕМЕСЕ HTTPS://WWW.GOV.KZ/MEMLEKET/ENTITIES/KYZYLORDA-TABIGAT/ABOUT?LANG=RU САЙТЫНАН ТАНЫСУҒА БОЛАДЫ.

ЖОБА БОЙЫНША ҚОСЫМША АҚПАРАТТЫ 8 (727) 293-82-64; 8 (72435) 2-20-74 ТЕЛЕФОНДАРЫ АРҚЫЛЫ АЛУҒА БОЛАДЫ.

ЕСКЕРТУЛЕР МЕН ҰСЫНЫСТАРДЫ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАННЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ECOPORTAL.KZ СІЛТЕМЕ БОЙЫНША НЕМЕСЕ «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУДЫ РЕТТЕУ БАСҚАРМАСЫ» ММ, ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ, СҰЛТАН БЕЙБАРЫС К-СІ, №1 МЕКЕН-ЖАЙЫ МЕН PRD@KORDA.GOV.KZ ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТАҒА ЖОЛДАУҒА БОЛАДЫ. ТЕЛ. 8-7242-60-53-62

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

КГУ «ОТДЕЛ ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА, ПАССАЖИРСКОГО ТРАНСПОРТА И АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ ЖАНАКОРГАНСКОГО РАЙОНА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ» ОБЪЯВЛЯЕТ, ЧТО 11 ЯНВАРЯ 2022 ГОДА В 15 ЧАСОВ ПО АДРЕСУ: КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ, ЖАНАКОРГАНСКИЙ РАЙОН, СЕЛО ТОМЕНАРЫК, УЛ. Р. КУЛЫМБЕТОВА, 11, СОСТОЯТСЯ ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ В ФОРМЕ ОТКРЫТОГО СОБРАНИЯ ПО ПРОЕКТУ «ОТЧЕТ О ВОЗМОЖНЫХ ВОЗДЕЙСТВИЯХ» К ПРОЕКТУ «СТРОИТЕЛЬСТВО ПОДВОДЯЩЕГО ГАЗОПРОВОДА ВЫСОКОГО ДАВЛЕНИЯ И ВНУТРИПОСЕЛКОВЫЕ ГАЗОРАСПРЕДЕЛИТЕЛЬНЫЕ СЕТИ НАСЕЛЕННОГО ПУНКТА ТОМЕНАРЫК, ЖАНАКОРГАНСКОГО РАЙОНА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ».

ИНИЦИАТОР НАМЕЧАЕМОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ: КГУ «ОТДЕЛ ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА, ПАССАЖИРСКОГО ТРАНСПОРТА И АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ ЖАНАКОРГАНСКОГО РАЙОНА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ», КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ, ЖАНАКОРГАНСКИЙ РАЙОН, ПОС. ЖАНАКОРГАН, УЛ. МАНАП КОКЕНОВА, 44. ТЕЛ. 8-724-35-22-0-74, E-MAIL: ZHANA-ZHOL@MAIL.RU.

РАЗРАБОТЧИК ДОКУМЕНТАЦИИ: ТОО «КАТЭК». 050010, Г. АЛМАТЫ, ПЕР. СНАЙПЕРСКИЙ, 4. ТЕЛ. 8 (727) 293-82-64. E-MAIL: KATEK@KATEK.KZ. ЛИЦЕНЗИЯ №01668Р ОТ 05.06.2014 Г., ВЫДАНА КЭРК МОСВР РК

С МАТЕРИАЛАМИ ОБЩЕСТВЕННЫХ СЛУШАНИЙ МОЖНО ОЗНАКОМИТЬСЯ НА ЕДИНОМ ЭКОЛОГИЧЕСКОМ ПОРТАЛЕ ECOPORTAL.KZ, НА САЙТЕ HTTPS://WWW.GOV.KZ/MEMLEKET/ENTITIES/KYZYLORDA-TABIGAT/ABOUT?LANG=RU

ДОПОЛНИТЕЛЬНУЮ ИНФОРМАЦИЮ ПО ПРОЕКТУ МОЖНО ЗАПРОСИТЬ ПО ТЕЛ. 8 (727) 293-82-64; 8 (724) 352-20-74

ЗАМЕЧАНИЯ И ПРЕДЛОЖЕНИЯ ПРИНИМАЮТСЯ НА САЙТЕ: ECOPORTAL.KZ И В ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ И РЕГУЛИРОВАНИЯ ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ», ПО АДРЕСУ: Г. КЫЗЫЛОРДА, УЛ. БЕЙБАРЫС СУЛТАН, №1. ТЕЛ. 8 (7242) 60-53-62. E-MAIL: PRD@KORDA.GOV.KZ

**Директор** Karabala **Ж. Қарабала**

QYZYLORDA

Орындаған Н. Оспанов
Тел. 27-28-30

**Жобаның атауы:** «Әсерлері әсерлер туралы есеп» материалдарымен «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы Төменарық елді мекеніне дейін жоғары қысымды газ жеткізу құбырларын салу және ауылішілік газ тарату құбырларын салу»
**Әсер ету аумағы:** Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Төменарық ауылы
**Қоғамдық тыңдау 2022 жылдың 11 қаңтарда, сағат 15:00 де ашық отырыстар арқылы өтеді, келесі мекен-жайда:** Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Төменарық ауылы, Р. Құлымбетов көшесі, 11.
**Карантиндік шаралар енгізілген жағдайда** қоғамдық тыңдау «ZoomVideoCommunication» бағдарламасы арқылы өтеді
**Желі байланысына сілтеме:**
https://us04web.zoom.us/j/5280664063?pwd=QjROTVBaL0Z3bk8zOEVySXY3Yk90Zz09
**Конференция идентификаторы:** 528 066 4063
**Кіру коды:** 1234
**Бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері:** «Жаңақорған ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған а., Манап Көкенов көшесі, 44 үй, тел.: 8-724-35-22-0-74, e-mail: zhana-zhol@mail.ru
**Әзірлеушінің деректемелері мен байланыс деректері:** «КАТЭК» ЖШС, 050010, Алматы қаласы, Снайперский ж., 4 үй; тел.: 8-727-293-82-64; электрондық поштасы: katek@katek.kz
**Жоба материалдары веб-сайтта орналастырған:** www.ecoportal.kz; https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/about?lang=ru
**Қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін сұратуға болатын электрондық мекенжайы мен телефон нөмірлері:** katek@katek.kz; zhana-zhol@mail.ru; тел.: 8-727-293-82-64; 8-724-35-22-0-74
**Ескертулер мен ұсыныстар** www.ecoportal.kz сайтында қабылданады және «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, мекен-жайы: Қызылорда қ., Сұлтан Бейбарыс к., №1; тел.: 8-7242-60-53-62; e-mail: prd@korda.gov.kz

**Наименование проекта:** «Строительство подводящего газопровода высокого давления и внутрипоселковые газораспределительные сети населенного пункта Томенарык Жанакорганского района Кызылординской области» с материалами «Отчета о возможных воздействиях».
**Территория воздействия:** Кызылординская область, Жанакорганский район, с. Томенарык
Общественные слушания состоятся посредством открытых собраний 11 января 2022 г. в 15:00 часов, по адресу: Кызылординская область, Жанакорганский район, с. Томенарык, ул. Р. Кулымбетова, 11.
**В случае введения карантинных мер** общественные слушания будут проходить посредством программы «ZoomVideoCommunication»
**Ссылка на онлайн подключение:**
https://us04web.zoom.us/j/5280664063?pwd=QjROTVBaL0Z3bk8zOEVySXY3Yk90Zz09
**Идентификатор конференции:** 528 066 4063
**Код доступа:** 1234
**Реквизиты и контактные данные инициатора:** КГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог Жанакорганского района Кызылординской области», Кызылординская область, Жанакорганский район, с. Жанакорган, ул. Манап Кокенов, 44, тел.: 8-724-35-22-0-74, адрес электронной почты: zhana-zhol@mail.ru
**Реквизиты и контактные данные разработчика:** ТОО «КАТЭК», 050010, г. Алматы, пер. Снайперский, 4, тел.: 8-727-293-82-64, адрес электронной почты: katek@katek.kz
**Материалы проекта размещены на сайте:** www.ecoportal.kz; https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/about?lang=ru
**Дополнительную информацию** о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов можно по электронной почте: katek@katek.kz; zhana-zhol@mail.ru и по тел.: 8-727-293-82-64; 8-724-35-22-0-74.
**Замечания и предложения** принимаются на сайте www.ecoportal.kz, а также ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области», по адресу: г. Кызылорда, ул. Бейбарыс Султан, №1; тел.: 8-7242-60-53-62; e-mail: prd@korda.gov.kz

2021/11/30 17:37
п. Томенарык